«Бекітемін»
ЖШС «Smart kids» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі _____Бейсенбиева Ш.Б.

ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы 2026-2027 оқу жылына арналған
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕРТІҢ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыбы	Түрі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
	№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы**: «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2026-2027 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау» **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2027-2028 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. Жазғы сауықтыруды ұйымдастыру нәтижелері. 2. 2026- 2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау: - МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру;		Тамыз	меңгеруші, әдіскер, педагогтар

	- педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау. 3.Бекіту: - ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жоспары, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарлары; - 2026-2027 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру бағытындағы жоба тақырыптары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлау; - шығармашылық топтардың құрамын бекіту; - білім беру ұйымындағы психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарын бекіту; - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жылдық жоспарды бекіту; 5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және бекіту. 6. Педагогикалық кеңес шешімі. **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА**: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»			
	№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» **Мақсаты:** МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру». **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысын талқылау. 3. Тақырыптық бақылау нәтижелері: (жазу).	Тақырыптық кеңес	Қараша	меңгеруші, әдіскер, педагогтар

	4. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері» 5. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы. **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану»			
	№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» **Мақсаты:** бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің көріністері» бейнесуреттемесі. «Ең үздік әдістемелік әзірлеме» педагогикалық шеберлік байқауының нәтижелерін талқылау. 4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін жасалған жағдайларды, әртүрлі құралдардың болуын бағалау». 5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық	Дәстүрлі	Қаңтар	меңгеруші, әдіскер,педагогтар

	бұзушылықтардың алдын алу туралы: қызметкерлердің шаралары, міндеттері мен жауапкершілігі. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы. **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА**: «Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастырудың маңызы»			
	№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастырудың маңызы» **Мақсаты:** Мерекені дұрыс жоспарлау және өткізу, мерекені әр баланың өміріндегі қызықты, есте қаларлық оқиғаға айналдыру, балаларға қуаныш сыйлау. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. ««Мектепке дейінгі ұйымдар жағдайында іс-шараларды (Ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және т.б.) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар»» талқылау. 3. Балаларға арналған мерекелерді ұйымдастырудың әртүрлі нысандары(ұсыныс) **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** - 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау есебін жасау	Дөңгелек үстел	Сәуір	меңгеруші, әдіскер, педагогтар
	№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС:	Қорытынды	Мамыр	меңгеруші,

	Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар» **Мақсаты:** оқу жылын талдау және қорытындылау. Келесі жылға міндеттер мен басым бағыт қою: - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2026-2027 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2026-2027 оқу жылындағы жұмысты талдау. 3. Балалардың даму мониторингін талдау. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2026-2027 оқу жылындағы қызметі жөнінде есептері. 4. 2026-2027 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 5. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 6.Педагогикалық кеңестің шешімі.			әдіскер, педагогтар